

Медициналық мекемелермен облыстық ауруханаларға тексерілуге және емделуге жіберілген ардагерлер мен мүгедектердің жол жүру төлемі жөніндегі Ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы-Зырян қалалық әкімиятының 2004 жылғы 11 мамырдағы N 722 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 28 мамырда N 1812 тіркелді. Күші жойылды - Зырян аудандық әкімдігінің 2006.04.11 № 2240 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Зырян аудандық әкімдігінің 2006.04.11 № 2240 қаулысымен.

"Медициналық мекемелермен республикалық ауруханаларға емделуге жіберілген ардагерлер мен мүгедектердің жол жүру төлемі жөніндегі Ережелерді бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облыстық әкімиятының 2004 жылғы 17 наурыздағы N 388 қаулысын орындауға Зырян ауданы-Зырян қаласының әкімияты

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Аудан-қала медициналық мекемелермен облыстық ауруханаларға тексерілуге және емделуге жіберілген ардагерлер мен мүгедектердің жол жүру төлемі жөніндегі ұсынылған Ережелер бекітілсін.

2. Зырян ауданы-Зырян қаласының халықты әлеуметтік қорғау бөлімі (Р.З. Оспанова) жоғарыда аталған Ережелерге сәйкес 258 015 000 332 "Жергілікті уәкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлемдер" бағдарламасы бойынша төлем жүргізісін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау әкім орынбасары Э.Я. Гейгерге жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Зырян ауданы-Зырян қаласының әкімі

Зырян ауданы -
Зырян қаласының әкімиятының
2004 жылғы 11 мамырдағы қаулысына
қосымша

**Медициналық мекемелермен облыстық
ауруханаларға тексерілуге және емделуге
жіберілген ардагерлер мен мүгедектердің
жол жүру төлемі жөніндегі Ережелер**

1. Жалпы ережелер

1. Шығыс Қазақстан облысының көлемінде медициналық көрсеткіштер бойынша тексерілуге және емделуге жіберілетін, аурулардың жол жүру құнының төлемі Зырян ауданы-Зырян қаласының денсаулық сақтау бөлімі берген белгіленген үлгідегі жолдамасы болған жағдайларда жүргізіледі.

2. Бағдарламаның әкімшісі Зырян ауданы-Зырян қаласының халықты әлеуметтік қорғау болып табылады.

3. Аурулардың емделуге және оларды ертіп жүрген адамдардың жол жүру төлемін қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаттарының есебінен жүргізіледі.

2. Аурулардың емделуге және оларды ертіп жүрген адамдардың жол жүру құнының төлем тәртібі

4. Зырян ауданы-Зырян қаласының халықты әлеуметтік қорғау бөлімі аурудың (екі жаққа) жол жүру төлемін мынадай құжаттардың негізінде жүргізеді :

- 1) ө т і н і ш ;
- 2) ж е к е к у ә л і г і ;
- 3) аудан-қала денсаулық сақтау бөлімінің жолдамасы;
- 4) тұратын жерден анықтамалар;
- 5) жол жүру нақтылығын растайтын билеттер.

5. Заңнамада белгіленген жағдайларда ауруды (екі жаққа) ертіп жүрген адамның жол жүру төлемі жүргізіледі.

6. Медициналық көрсеткіштер бойынша емделуге жіберілетін аурулардың және оны ертіп жүрген адамдардың жол жүру төлемі темір жол және қалааралық автомобиль көлігінде жол жүру құнының мөлшерінде жүргізіледі.

7. Емделуге жол жүру нақтылығын растайтын құжаттар емделу орынынан келген күннен 30 күннен кеш емес ұсынылуы қажет.

8. Аурудың және оны ертіп жүрген адамның жол жүру нақтылығын растайтын билеттерді жоғалтқан жағдайда, емделу орнына дейін және кері жол жүру құнын растайтын темір жол немесе автобекеттердің кассаларынан а н ы қ т а м а ұ с ы н ы л у ы қ а ж е т .

9. Зырян ауданы-Зырян қаласының халықты әлеуметтік қорғау бөлімі құжаттарды ұсыну бойынша аурулардың және оларды ертіп жүрген адамдардың жеке шоттарына ақшалай қаражатты аударады.

Әкім аппаратының басшысы